

MINOR «PRO ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙНЫ»

Бағдарламаның ерекшеліктері:

Графикалық дизайн модулі студенттердің іс-әрекетін айтарлықтай байыта алады. Графикалық дизайнды оқу - бұл әртүрлі бағдарламалармен және құралдармен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру ғана емес, шығармашылық ойлауды, көрнекі сауаттылықтың заманауи талаптарына бейімделген коммуникацияларды құру қабілетін дамытуға көмектеседі.

Университет даярлайтын кадрлардың басым көпшілігі педагогикалық бағыт бойынша білім алушылар болғандықтан **PRO** графикалық дизайнды үйренудің олар үшін бірнеше негізгі себептері бар:

1. Көрнекі коммуникация: Сабақтарға неғұрлым тартымды және түсінікті оқу материалдарын жасай алады. Көрнекі элементтер ақпаратты жақсырақ қабылдауға және оқуды қызықты етуге көмектеседі.

2. Шығармашылық: Графикалық дизайн креативтілік пен дәстүрден тыс ойлауға ықпал етеді, бұл арнайы және интерактивті сабақтарды дамыту үшін пайдалы.

3. Техникалық дағдылар: Педагогтар сапалы білім беру ресурстарын құру үшін цифрлық құралдарды пайдалануға көмектесетін заманауи графикалық дизайн өнерін бағдарламалық қамтамасыз ету мүмкіндіктерімен танысады.

4. Оқушылардың ынтасын арттыру: Түрлі-түсті және жақсы құрастырылған материалдар студенттерді оқу процесіне көбірек қатысуға ынталандырады.

5. Мультимедиялық жобаларды әзірлеу: Графикалық дизайнды білу оқыту әдістерін әртараптандыруға болатын бейне сабақтарды, презентацияларды және басқа мультимедиялық жобаларды жасауға мүмкіндік береді.

6. Біліктілікті арттыру: Жаңа білім саласын меңгеру мұғалімнің кәсіби өсуіне ықпал етеді және ой-өрісін кеңейтеді.

Қызмет бағыттары- бейне сабақтарды, презентацияларды және басқа мультимедиялық жобаларды даярлау, фирмалық стиль және логотиптер, веб-сайттар, инфографика, интерфейстер, навигациялық жүйелер, қаптамалар мен бұқаралық ақпарат құралдарына арналған визуалды шешімдер құрастыру.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: "Pro Графикалық дизайн" модулінде креативті ойлауға қабілетті кәсіби қызметінде көрнекі коммуникация, графикалық дизайн өнімдерін әзірлеу және жобалау озық технологияларын қоданатын қосымша құзыреттерді қалыптастыру.

Графикалық дизайн объектілерінің типологиясын және кәсіптің эволюциясын меңгеру;

- заманауи графикалық дизайндағы нормативтік-технологиялық нормаларды зерттеу;

- студенттердің кәсіби қызметін тиімді орындау үшін қажетті негізгі құзыреттерін қалыптастыру;

- графикалық бағдарламалардың негіздерін; компьютерлік бағдарламалардың теориясы мен принциптерін игеру;

- дизайн бұйымдарын әзірлеу кезінде композицияның заңдарын, ережелерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану;

- функционалдық сауаттылық және салауатты өмір салты негізінде қоғамды жаңартуға белсенді қатысатын жоғары білімді мамандарды даярлауды қамтамасыз ету.

- шығармашылық өнімдерді (Soft skills) орындау үшін студенттердің дағдыларында Steam технологиясын қолдана білу.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері: PO1- Графикалық дизайн саласындағы ақпаратты визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білім мен тұжырымдамаларды көрсетеді;

PO2- Жобалық зерттеулер бойынша заманауи және тарихи тұжырымдар мен пайымдаулар жасайды, берілген оқу ақпараты негізінде білімді практикада қолданады;

PO3- Көркем-композициялық шығармашылықтың заңдылықтарын, дизайн типологиясын, полиграфиялық жұмыстарды орындау әдістерін біледі;

PO4- Көркемдік трансформацияда, сурет салуда, аксессуарларды әзірлеуде, саналы түрде ұсынылған көркем образдар бойынша бұйымдардың тектоникасында акт және цифрлық білім ресурстарын пайдаланады;

PO5- Қазіргі тенденцияларға сәйкес композициялық заңдылықтарды қолданады.

PO6- Көркем-конструкторлық-графикалық тәсілдер, әртүрлі графикалық бейнелерді игеру;

PO7- Бұйымдар құрамында білім алушының дизайнерлік қабілеттерін арттыру мақсатында АКТ пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастырады;

PO8- студенттердің шығармашылық өнімдерді жасау дағдыларын қалыптастыруда (Soft skills) технологиясын қолдану.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптасатынын оқу нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Визуальды өнер	5	30	15	30	75	Бейнелеу өнерінің түрлері сурет, кескіндеме, баспа және мүсін, графика, қолжазбаны жарықтандыру, кітап иллюстрациясы, каллиграфия және сәулет өнері, әр түрлі аралас ақпарат құралдары, концептуалды өнер, кино және цифрлық әдістер сияқты соған байланысты қызмет түрлері ретінде қарастырылады. Фотосуреттер, бейнелеу өнері, анимацияның кез келген комбинациясы визуализациялау идеяларына негізделген көркемдік білімімен сипатталады.	ОН 1 ОН 2 ОН 4 ОН 6 ОН 8
2	«PRO графикалық дизайн»	4	30	15	30	75	Бейне сабақтары, презентациялар және басқа мультимедиялық жобалар. Эмблема, полиграфия өнімдері, корпоративтік сәйкестік пен логотиптер, веб-сайттар, инфографика, интерфейстер, навигациялық жүйелер, орау, упаковка және медиа үшін	ОН 3 ОН 5 ОН 6 ОН 7

							визуалды шешімдер, графикалық кешендер. Фотосуреттерді өңдеу, жарнама парақшалары мен плакаттар. Бұйымдарды композициялауда АКТ-ны пайдаланады.	
3	Интерьер-дегі тоқымалар	5	30	15	30	75	Қазіргі заманғы интерьердегі тоқыма бұйымдарының маңызды рөлі, үйде жайлылық жасау үшін әртүрлі тоқу әдістерімен (кесте, гобелен кестесі, макраме т.б.) интерьерге тоқылған сәнді заттарды әзірлеу технологиясы (сәнді төсек жапқыштар мен көрпелер, орындықтарға, креслоларға арналған кілемшелер), түстердің үйлесімділігі қарастырылады. Бұйымдарды композициялауда АКТ-ны, Stem технологиясын пайдаланады.	ОН 3 ОН 5 ОН 7 ОН 8